

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2024 жылғы жұмысы туралы есеп

Есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің *(бұдан әрі – Архив)* қызметі Архивтің 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасын, Архивтің 2022 – 2025 жж. арналған жұмысының Стратегиялық жоспарының тармақтарын, сонымен қатар Архивтің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын *(бұдан әрі – Жоспар)* іске асыруға бағытталды.

1-стратегиялық бағыт – Архив қорларының сақталуын қамтамасыз ету бойынша Жоспардың 11 тармағының 9 тармағы бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілді, 1 тармақ ішінара орындалды және 1 тармақ орындалуда.

Құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдаудың жоспарланған **9 500 сақтау бірлігі** көрсеткішінің іс жүзінде **12 293 сақтау бірлігі** қабылданды. Жоспардан тыс ҚР Сыртқы істер министрлігінің 75-Н қорының, жұмысының аяқталуына байланысты Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің 28-Н қорының *(ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Е.Т. Қариннің 2024 жылғы 22 қаңтардағы №24-434 тапсырмасы)*, қайта сараптаудан кейінгі Қазақстан КП ОК 708 қорының құжаттары қабылданды.

Аса құнды құжаттардың сақтандыру қорын жасау бойынша жұмыс жалғастырылып, 159 338 кадр микрофильм жасалды, қағаз негіздегі 15 058 *(2 386 788 парақ)* іс және 764 *(74 586 атау)* тізімдеме цифрландырылды. Архивтің 8 қорының құжаттарын реставрациялау бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілді *(жоспарланған 35 000 парақтың орнына 35 394 парақ қайта қалпына келтірілді)*. Осы орайда 2022 – 2023 жж. АрМА-дан келіп түскен құжаттарды реставрациялау бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілмеді *(жоспарланған 15 000 парақтың 8 000 парағы қалпына келтірілді, бұл 53,3 %-ды құрайды)*. Жоспардың орындалмауы бірқатар объективті себептермен байланысты: АрМА құжаттарын реставрациялау алғаш рет іске асырылды, құжаттардың нашар физикалық жағдайына байланысты қосымша еңбектің, оның ішінде уақыттың талап етілетіні, сондай-ақ қызметкерлердің қажетті біліктілігі мен тәжірибесінің болмауы ескерілмеді.

Осы жылдың маңызды нәтижелерінің бірі – архив қоймаларына газбен өрт сөндіру жүйесінің орнатылуы. Бұл мәселе 20 жылға жуық шешілмеген еді, Алматы қаласы ТЖМ Өрт сөндіру департаментімен жыл сайын тиісті нұсқамалар ресімделетін. Екі рет, 2013 және 2019 жылдары жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджеттен қаражат бөлінген болатын. Алайда түрлі себептерге байланысты жүйе орнатылмады. 2024 жылы Архивке жүйені орнатуға 243 270,0 мың теңге бөлінді. Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілді, құрылыс-монтаждау жұмыстары Тапсырыс берушінің келісімімен, техникалық және авторлық қадағалаумен жүргізілді және 2024 жылғы 25 қарашада аяқталды *(2024 жылғы 27 қарашадағы жүйені пайдалануға қабылдау актісі)*. Жүйе 2650 шаршы метр аумағы бар 8 негізгі және 3 арнаулы архив қоймаларында орнатылған. Сондай-ақ техникалық қадағалаудың талабына *(2024 жылғы 13 қыркүйектегі шығыс № 516 КНК)* сәйкес жалпы салмағы 11 тонна болатын газ баллондары орналасқан, ауданы 60 ш.м. бөлмеде еден плитасын сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, бөлінген бюджет шеңберінде, өткізілген мемлекеттік сатып алулар нәтижесінде үнемделген қаражат есебінен 10 түрлі консервация және реставрация құрылғылары сатып алынды.

Архивтің Астана қаласындағы жаңа ғимаратының қолданысқа берілуіне байланысты архив құжаттары мен адам ресурстарын көшіруді ұйымдастыру бойынша шаралар кешені жоспарлы түрде орындалуда.

2-стратегиялық бағыт – Архив қорын жинақтау бойынша жинақтау көздері – ұйымдардағы сақтау мен құжаттаудың жай-күйіне жоспарланған 9 тексерудің 8-і жүзеге асырылды. «Жоғарғы Сот Кеңесінің Аппараты» ММ-дегі тексеру мекеменің өтініші бойынша 2025 жылға қалдырылды (2024 жылғы 14 желтоқсандағы № 11-09/19238 хаты).

17 жинақтау көзі – ұйымның құжаттамалық қамтамасыз ету қызметтері мен ведомстволық архивтерінің қызметкерлері үшін **7** тақырып бойынша **9** семинар өткізілді, оның **2-і** жоспардан тыс (ҚР АҚШ-тағы Елшілігі, ҚР Ұлттық банкі және оның аумақтық бөлімшелері).

Жоспарланған **11 070 істің** орнына **12 085 істің** құндылығына сараптама жүргізілді, оның ішінде басқару істерінің 7404 сақтау бірлігінің, жеке шығу тегі қорының құжаттары бойынша 457 істің, сондай-ақ аудиовизуалды құжаттардың 4224 сақтау бірлігінің құндылығына сараптама жүргізілді. Жеке шығу тегі қорына 4369 ішкі тізімдеме жасалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жеке архивін қалыптастыруды әдістемелік қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы Президентінің Жеке архивінің фотоқұжаттарын ретке келтіру бойынша жадынама» әзірленді (СТӘК-тің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 01-6/11 хаттамасы).

«Электрондық құжаттарды басқарудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және мемлекеттік органдардың электрондық құжаттармен жұмысы бойынша тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу» ғылыми-қолданбалы жобасы әзірленіп, Архивтің Ғылыми кеңесінде қаралды (Ғылыми кеңестің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 2 хаттамасы).

Сараптама-тексеру әдістемелік комиссиясының (бұдан әрі – СТӘК) жұмысы Ұлттық архив қорының құрамын қалыптастыру сапасын одан әрі жақсартуға бағытталды. Есептік кезеңде СТӘК-тің **12** отырысы өткізіліп, **96** мәселе қаралды.

Әзірленген және бекітілген Жинақтау көздері – ұйымдардың ведомстволық архивтерінің қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес алғаш рет ведомстволық архивтердің қызметіне баға беріліп, жинақтау көздері – ұйымдардың рейтингі жасалды.

Архивтің есептік ақпаратына ҚР Президенті Кеңесінің бастығы Б.Ш. Сариев (2024 жылғы 6 мамырдағы №24-2295) мемлекеттік органдар – жинақтау көздеріне тиімділікті арттыру бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Тапсырманы іске асыру мақсатында Сыртқы істер министрлігінде құжаттардың құндылығына сараптама жүргізіліп, 2009-2011 жылдарғы құжаттар цифрланды, ҚР мемлекеттік қызмет істері және қаржы мониторингі агенттіктерінде, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықта архивші штаттық лауазымдары бөлінді.

Бағалауды жүргізу тәжірибесі Жас архившілердің жазғы мектебінде (2024 жылғы маусым) және Архившілердің II конгрессінде (2024 жылғы қазан)

ұсынылды. Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Астана қаласының мемлекеттік архиві өз жұмыс тәжірибесіне енгізу мақсатында әдістемені беру туралы өтінішпен жүгінді.

3-стратегиялық бағыт – Архивті ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын сақтау және зерделеу республикалық орталығы ретінде қалыптастыру бойынша Жоспардың 10 тармағының барлығы орындалды.

ҚР ИМ, ҰҚК, Бас прокуратураның АрМА-дан қабылданған саяси қуғын-сүргін тарихы жөніндегі құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіліп, көрсеткіш 50 000 іске жоспарланған жағдайда, іс жүзінде Ұлттық архив қорының құрамына 50 603 іс енгізілді. Есептік кезеңде «Аманат» базасына қуғындалған 2113 тұлға бойынша мәлімет енгізілді. Қазіргі сәтте базада 4943 тұлғаға қатысты мәлімет бар. ҚР Бас прокуратурасының АрМА-дан **1 036 934** сақтау бірлігі көлемінде карточка қабылданды.

Есептік кезеңде Стратегиялық жоспар бойынша көрсеткіш **350** болған жағдайда, іс жүзінде **2089** сұраным, оның ішінде жеке (1054) және заңды (1035) тұлғалардың сұранымдары орындалды. Сұранымдардың көпшілігі қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға байланысты прокуратура органдарынан қабылданды. Сұранымдар мен өтініштердің географиясы еліміздің барлық аймақтарын қамтиды, шетелдерден сұранымдардың көпшілігі Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Украина, Өзбекстан, Германия, Израиль және Польша елдерінен түсті. Өтініштерді орындау мерзімінің бұзылуы орын алған жоқ.

Жоспарға сәйкес Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп «Қазақстанның саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дәулеттілері» атты энциклопедия басылымға даярланды. С. Сейфуллиннің, Т. Рысқұловтың және Б. Майлиннің 130 жылдық мерейтойларына арналған тарихи-құжаттық көрме өткізіліп, «Саяси қуғын-сүргін қасіреті архив құжаттарында» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

АрМА құжаттарын құпиясыздандыру бойынша Ведомствоаралық комиссия отырысы өткізілмеді, мәселе жұмыс тәртібінде уәкілетті органмен келісілді.

АрМА құжаттарын ғылыми айналымға енгізу мақсатында электронды форматта «Депортация тарихынан. Қазақстан. 1946–1956 жылдар». 4-том» құжаттар жинағы, сондай-ақ «Н. Нұрмақов. мемлекет қайраткері» жинағының макеті әзірленді.

4-стратегиялық бағыт– Архивті жетекші зерттеу және әдістемелік орталығы ретінде дамыту бойынша жоспарлы көрсеткіштердің барлық 10 тармағына қол жеткізілді.

3 әдістемелік шолу дайындалды: «Архив ісінің қазіргі заманғы терминологиясының өзекті мәселелері» және «Құжаттану және архив ісі мәселелері бойынша НҚА-ға талдамалық шолу» (*Ғылыми кеңестің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №2 хаттамасы*), сондай-ақ «Архив құжаттарының сақтандыру қорын құру мәселелері (ҚР Президенті Архивінің мысалымен)» (*СТӘК-тің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 01-06/9 хаттамасы*).

Құжаттану және архив ісі бойынша 8 әдістемелік әдебиет, оның ішінде 6 әдістемелік ұсыным, 2 жадынама әзірленіп, СТӘК-пен келісілді.

Сондай-ақ, Президент Әкімшілігінің Жалпы бөлімінде Архивтің 2023 жылғы есебін тыңдаудың хаттамасын орындау мақсатында (2024 жылғы 26 қаңтардағы № 24-01-45.1, 2.4, 2.6., 2.7-тармақтары) «Қазақстан Республикасы Президентінің жеке архивінің фотоқұжаттарын ретке келтіру жөніндегі жадынама» әзірленіп (СТӘК-тің 2024 жылғы 3 желтоқсандағы № 01-06/11 хаттамасы), «ҚР Президенті Архивінің жинақтау көздері – мемлекеттік органдардың архивтік құжаттарын төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялаудың іс-қимыл тәртібі» бекітілді (Архив директорының 2024 жылғы 23 мамырдағы №2 қбп бұйрығы) және «ҚР Президентінің Әкімшілігінде, ҚР Президентінің Телерадиокешенінде аудиовизуалды құжаттарды қалыптастыру, уақытша сақтау, есепке алу және пайдалану, сондай-ақ оларды ҚР Президентінің Архивіне мемлекеттік сақтауға тапсыру қағидалары» бекітілді (2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 24-3136-1).

Жыл ішінде «Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін қазіргі заман тарихының құжаттарымен жинақтау: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» ұжымдық монографиясын дайындау бойынша жұмыс жүргізілді. Ғылыми-зерттеу жұмысы бөлімдерінің құрылымы мен мазмұнын талқылау бойынша 6 әдіснамалық семинар өткізіліп, ғылыми есеп Ғылыми кеңестің отырысында (Ғылыми кеңестің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 2 хаттамасы) мақұлданды.

Есептік кезеңде архив жұмысының өзекті тақырыптары бойынша Архив қызметкерлері, Архивтің жинақтау көздері – ұйымдар мен еліміздің архив мекемелерінің өкілдеріне арналған 11 білім беру шарасы өткізілді, оның ішінде 2 өндірістік оқу, 7 семинар (3-еуі онлайн форматта), 1 дәріс және 1 вебинар ұйымдастырылды.

Ғылыми кеңестің 2 отырысы өткізіліп, онда 6 мәселе қаралды, оның ішінде 2022 – 2024 жылдардағы Ғылыми кеңестің шешімдері мен ұсынымдарының орындалуы туралы ақпарат тыңдалды.

Дуалды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп Архив базасында өндірістік кафедраның жұмысы ұйымдастырылды. Есептік кезеңде Архивте ҚазҰУ студенттері (47 адам), 2 жылдық оқудағы магистранттар (12 адам), Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курсының магистранттары (19 адам), сондай-ақ Алматы көпсалалы колледжінің студенттері (11 адам) тәжірибеден өтті.

12 – 14 маусымда Архив әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен бірлесіп «Цифрлық трансформация жағдайындағы архивтерді жинақтаудың өзекті мәселелері» тақырыбында **Жас архившілердің VII халықаралық жазғы мектебін** ұйымдастырды. Іс-шараға Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның орталық, облыстық, қалалық және аудандық архивтерінің 100-ден аса мамандары, Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ «архивтану және құжаттану» мамандығы бойынша оқитын студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысты. Архив директоры Ә.Қ. Мұстафина қатысушыларға Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы Б.Ш. Сариевтің

құттықтау сөзін жеткізді. Жазғы мектептің нәтижелері мен материалдары «Жаңа Архив» журналының үшінші санында жарияланды.

Архив саласындағы халықаралық деңгейдегі шара ретінде 2024 жылғы 1 – 4 қазанда Алматы қаласында ЮНЕСКО мен Халықаралық архивтер кеңесінің қолдауымен **II архившілер конгресі** өтті. Архивтің серіктестері ретінде Сыртқы істер, Мәдениет және ақпарат министрліктері, Алматы қаласының әкімдігі, ҚБТУ және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ қатысты. Конгреске 20 елден 200-ден астам адам қатысып, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың қатысушыларға арналған құттықтауын Президент Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі оқыды.

Конгрестің «Тұрақты қоғамды дамыту жолындағы мұра институттары» атты негізгі тақырыбының 6 бағыты бойынша 11 іс-шара өткізілді, оның ішінде пленарлық және қорытынды сессиялар, 4 дөңгелек үстел, 2 семинар, 2 диспут-сессия және 1 форсайт-сессия өткізілді. Бұл іс-шараларда ғалымдар мен сарапшылар 65 баяндама мен таныстырылым жасады, оның ішінде 6 баяндаманы Архив қызметкерлері ұсынды. Конгресс қарары қабылданып, материалдар жинағының макеті баспаға дайындалды. Қатысушылардың баяндамалары «Жаңа Архив» және «Құжат айналымы мәселелері» журналдарында жарияланды. Сонымен қатар, Конгресс аясында Архивтің 30 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді: ардагерлер мен қызметкерлерге Мемлекет басшысының алғыстары табысталып, ардагерлерге құрмет көрсетілді, кітаптардың тұсаукесері, пошта маркасын салтанатты өшіру рәсімі және «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» атты мектеп оқушылары арасындағы байқаудың жеңімпаздарын марапаттау шаралары өтті.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында жетекші архивтік, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерімен, оның ішінде 4-еуі отандық, ал 2-еуі шетелдік ұйымдармен 6 меморандумға қол қойылды.

2024 жылғы 4 – 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Франция Республикасына мемлекеттік сапары аясында Президент Архиві мен Францияның Ұлттық архивтері арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сапар қорытындысы бойынша берілген тапсырмалардың 1.26-тармағына сәйкес Архив меморандумды іске асыру бойынша ұсыныстар енгізуі қажет.

Архив ЮНЕСКО, Халықаралық архивтер кеңесі және ТМД елдері мемлекеттік архив қызметтері басшыларының консультативтік кеңесімен өзара іс-қимылды нығайтуда. Бұл ұйымдардың өкілдері Архивтің іс-шараларына қатысты (*II Архившілер конгресі, Халықаралық жазғы мектеп, «Әлем жады» бағдарламасы бойынша ЮНЕСКО семинары*), сондай-ақ Архив өкілдері халықаралық іс-шараларға (*ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» конференциясы, 4-ші Ғаламдық саяси форумның үкіметтік сессиясы*) белсенді қатысты.

Архив шетелдік архив мекемелерімен және ұйымдарымен нәтижелі екіжақты байланыстар орнатуға басты назар аударуда. Есепті кезеңде тәжірибе алмасу мақсатында Архив басшылығы мен қызметкерлері АҚШ Ұлттық архивтер және құжаттама басқармасының (NARA), Түркия Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік архивтер басқармасының, Франция

Республикасы мен Жапонияның ұлттық архивтерінің қызметімен танысты. Сонымен қатар Архив негізінде 7 шетелдік архив мекемелерінің басшылығымен және қызметкерлерімен 10 кездесу өткізілді.

Шетелдік ғылыми және оқу мекемелерімен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Архив қызметкерлері 9 халықаралық форумға қатысып, баяндамалар мен хабарламалар жасады.

5-стратегиялық бағыт – Архивті цифрлық трансформациялау және ақпараттық-іздірету жүйелерін дамыту бойынша барлық 7 тармақ орындалды.

Архивтің жинақтау көздері болып табылатын ұйымдарда электрондық құжаттардың көлеміне талдау жүргізілді. Алынған мәліметтер негізінде Архивтің электрондық құжаттарды қабылдау жөніндегі жоспар-кестесі бекітілді (2024 ж. 19 маусым).

Кестеге сәйкес құжаттардың көші-қоны 2026 жылға дейін 3 кезекке бөлінген. 2024 жылы 5 ұйымның (*Конституциялық Сот, ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Президентінің Іс басқармасы, ҚР СІМ, ҚР Президентінің Архиві*) қызметінде 2012 жылға дейін қалыптасқан құжаттардың көші-қонын жүзеге асыруды қамтитын 1-кезеңнің міндеті іске асырылды.

Аталған 5 ұйымның 4-еуінде құжаттардың көші-қоны аяқталды. ҚР Президентінің Әкімшілігінде құжаттардың көші-қоны басталған жоқ және жүйе толық дайын болып, оны сынақтан өткізу сәтті аяқталғаннан кейін ғана іске қосылатын болады.

ҚР Президенті Әкімшілігінің базасында «Е-Архив» АЖ тестілеу өткізілді. 2024 жылдың ішінде «Е-Архив» АЖ 12 рет жаңартылды. Түйінді өзгерістер деректердің көрсетілуін түзетуді, модульдерді баптау мен түрлендіруді, ЭҚАБЖ-мен, ЭҮП/ИАЖ-мен интеграциялық өзара іс-қимылды түрлендіруді қамтыды.

Есепті кезеңде файлдарды толтыру функционалын түрлендіру жүргізілді. Жүйеге 118 567 іс интеграцияланды, олар толық мәтінді интеллектуалды іздеу үшін Архивтің бірыңғай ақпараттық-іздеу жүйесінің (АБАІЖ) деректер ресурстарына енгізілді.

Ішкі коммуникацияның тиімділігін арттыру және деректерді беру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Архивте серверлік Openfire БҚ (Windows Server 2012 R2 / amd64, jetty/10.0.18) және Spark клиенті негізінде хабар алмасу жүйесі енгізілді. Архив инфрақұрылымына интеграция, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жалпыға бірдей қолжетімді алмастырғыштар немесе алынбалы жеткізгіштер сияқты бөгде құралдарды пайдалану қажеттілігін жойды. Қызметкерлер арасында жедел және қорғалған ақпарат алмасу Архив жұмысының сапасын едәуір арттыруға ықпал етті, сондай-ақ платформаны орнату лицензиялық шығыстарды үнемдеуге және оны Архивтің ерекше мұқтажына бейімдеуге мүмкіндік берді.

6-стратегиялық бағыт – Архивтің 2024 жылға арналған ақпараттық қызметінің инновациялық құралдарын енгізу бойынша жоспарлы көрсеткіштердің барлық 10 тармағына қол жеткізілді.

Есепті кезеңде 761 сауал орындалды (жоспар бойынша 470), оның ішінде 542 әлеуметтік-құқықтық және 219 тақырыптық, 7 жоспарлы тарихи-деректі көрме өткізілді. 374 істі зерттеушілерге цифрлық түрде беру (оқу залы) қамтамасыз етілді. Оқу залына барлығы 24281 іс берілді, оның ішінде электрондық форматта – 13500 (55,5%).

«Ашық қоғамға – ашық архив» жобасын іске асыру шеңберінде Жетісу облысында Архив күндері өткізілді, Қазақстанның жаңа саяси тарихының, құжаттанудың, архивтанудың өзекті мәселелері, Архив іс-шаралары бойынша газеттерде, журналдарда, интернет-басылымдарда, телеарналар мен радиода 124 материал жарияланды, оның ішінде олардың 59-ын Архив қызметкерлері дайындады (2024 жылға жоспарланғаны – 55).

Барлық іс-шаралар Архив сайтында жарияланды. Нысаналы аудиторияны қамту жоспарлы көрсеткіш 200 000 болған кезде 229 298 қаралымды құрады. «Жаңа Архив» ғылыми-әдістемелік журналын шығару қамтамасыз етілді, есепті кезеңде 4 нөмірі шығарылды, онда 52 мақала жарияланды, оның 14-ін шетелдік авторлар, 38-ін отандық авторлар, оның ішінде 23-ін Архив қызметкерлері дайындады.

XX ғасыр тарихы мен Тәуелсіздік кезеңі бойынша архив құжаттары мен материалдары жинақтарын шығару жөніндегі тармақты орындау шеңберінде С.Қ. Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған құжаттар жинағы көпшілікке таныстырылды. «Мемлекеттік билік органдары» анықтамалық басылымының макеті дайындалып, Архивтің Ғылыми кеңесінің қарауына шығарылды және басылымға ұсынылды (*Ғылыми кеңестің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 2 хаттамасы*);

Жастардың әлеуметтік маңызы бар 4 жобасы іске асырылды. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп, XVI Республикалық пәндік студенттік олимпиадасы, сондай-ақ Алматы қаласының Білім басқармасымен «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» атты мектепшілік оқу-зерттеу жұмыстарының конкурсы өткізілді. ҚР Конституциясы күніне орай Архивте «Жас архивші» іс-шарасы өткізілді. Архив алғаш рет архив ісі саласындағы инновациялық технологиялық шешімдерді әзірлеуге бағытталған жобаны іске асырды: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-мен және «Yandex Qazaqstan»-мен бірлесіп, «Archive hack: Ақылды архив» атты хакатон өткізді. Іс-шараға Алматы, Астана, Қарағанды, Тараз және Талдықорған қалаларынан 165 жас – университеттер мен колледждердің студенттері, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларынан құралған 43 команда және 20 жеке үміткер қатысты. Хакатон жеңімпаздары мен қатысушылары арнайы дипломдармен, ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

7-стратегиялық бағыт – Кадр әлеуетін дамыту бойынша барлық 11 тармақ орындалды.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында есепті кезеңде Архив қызметкерлері арасында волейболдан спорттық турнир және 4 экологиялық акция (ағаш отырғызу, экологиялық тазалық күндері, тимбилдингтер) өткізілді.

Есепті кезеңде Архивтің 12 қызметкері біліктілігін арттырудан өтті: 6 – Жазғы мектеп шеңберінде (*маусым, Алматы қ.*), 4 – Осман мемлекеттік

архивінде архив құжаттарын қалпына келтіру бойынша (26-30 тамыз, Ыстамбұл қ., Түркия Республикасы) және 2 қызметкер Жапония Ұлттық архивінде (2-4 желтоқсан, Токио және Цукуба ққ., Жапония). Архивтің 1 қызметкері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасына түсті.

Есепті кезеңде ҚР Президенті Архиві директорында 40 жедел кеңес өткізіліп, оның қорытындысы хаттамалармен ресімделді.

Архив қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау тоқсан сайынғы негізде жүргізіліп отырды. Есепті кезеңде еңбек өтілін анықтау жөніндегі комиссияның 11 отырысы өткізілді. 2024 жылы 11 қызметкер жұмысқа қабылданды, олардың екеуінің ғылым кандидаты, ал 1-еуінде техника және технология магистрі дәрежесі бар. 9 адам жұмыстан шығарылды.

Жемісті жұмысы үшін, сондай-ақ Архивтің 30 жылдығын мерекелеу аясында Архив директоры А.Х. Мұстафина және Архивтің бірінші директоры, ардагер Г.А. Қарпықова мемлекеттік наградалармен, «Құрмет» орденімен, Архив қызметтерінің басшылары Г.Р. Нұрымбетова және Ж.А. Сатаева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Архивтің 9 қызметкері мен 17 ардагеріне Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты, 16 қызметкерге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының Алғыс хаты табыс етілді. 4 қызметкер мен 2 ардагер «Архив саласының үздігі» ведомстволық медалімен марапатталды.

Архивтің 2024 жылғы жалпы құжат айналымы 8427 құжатты құрады, оның ішінде: кіріс хаттар – 4161, шығыс хаттар – 3652, ішкі хаттар – 614. 4161 кіріс хаттардың 3315-і бақылауға алынды (80%). Кіріс құжаттардың корреспонденттері бойынша: 239 – ҚР Президентінің Әкімшілігінен, 858-і басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардан. 3064 сұрау алынды, оның ішінде 1767-сі жеке тұлғалардан, 1297-сі заңды тұлғалардан. «ҰАТ» АҚ-ға тоқсан сайын электрондық құжат айналымы бойынша есептер жіберіліп отырды. Архивтің 2022 жылғы құжаттарының құндылығына сараптама жүргізілді, тізімдемелер жасалды және мемлекеттік сақтауға берілді (2024 ж. 23 желтоқсандағы № 01-06/10 ЭПМК хаттамасы).

Есепті кезеңде республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты толық игеру қамтамасыз етілді (1 450 368,0 мың теңге бөлінді, атқарылуы 100%-ды құрады). 2025 – 2027 жылдарға арналған бюджеттік өтінім уақтылы дайындалып, тапсырылды. Есептер дайындалды, Архивтің штат бірлігін арттыруға байланысты 2025 жылға қосымша қаржыландыруға арналған бюджеттік өтінім қалыптастырылды және «Мемлекеттік жоспарлау» АЖ толтырылды. Өткізілген тауарларды мемлекеттік сатып алу нәтижесінде 210 шарт жасалып, оның 13-і өнім берушілер өз міндеттемелерін орындамағандықтан біржақты тәртіппен бұзылды.

Инженерлік-пайдалану қызметі ғимаратты, құрылысжайларды және іргелес аумақты тұрақты түрде техникалық тексеруден өткізіп, олардың тиісті санитариялық-гигиеналық жағдайда ұсталуын қамтамасыз етті. Өрт сатысының жүктемелік сынақтары, электр жабдықтарына профилактикалық сынақтар жүргізілді, үй-жайларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, металл қоршау дайындалды және орнатылды. Ескі лифт алынып, жүк көтергіштігі 400 кг

болатын жаңа лифт орнатылды. Автоматтандырылған газды өрт сөндіру жүйесі орнатылды. Осы жұмыс аясында желдету жүйесі, өртке қарсы дабыл жүйесі, барлық қоймалардың температурасы мен ылғалдылығын өлшейтін автоматты датчиктер орнатылды. 4 сейсмикалық және 4 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Қорытындылар

Жоспардың **82** тармағының ішінде **79-ы**, оның ішінде Архив жұмысының 2022 – 2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының 42 тармағы толық орындалды. 1.8-тармақ ішінара орындалды (*мемлекеттік сақтаудағы құжаттарды қалпына келтіру бөлігінде орындалмады: 15 000 парақтың 8 000-ы (53,3%) қалпына келтірілді*), 1-тармақ (*1.11, Астана қаласындағы жаңа ғимаратты пайдалануға беруге байланысты дайындық жұмыстарын жүргізу*) орындалуда және 1-тармақ (*3.8. ведомствоаралық комиссияның құпиясыздандыру жөніндегі отырысын өткізу*) объективті себептерге байланысты орындалмады.

2025 жылға қойылған міндеттер

Архивтің қызметі Архивті 2035 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі стратегиялық жоспардың 1-кезеңінің (2022 – 2025 жж.) қорытынды жылының көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталатын болады. Стратегиялық жоспардың 1-кезеңін іске асыру қорытындылары шығарылады және 2-кезеңнің (2026 – 2030 жж.) іс-шаралары әзірленеді. Жұмыс Архивтің Астана қаласына көшуі және Алматы қаласында филиал ашылуы, штат санын ұлғайту және құрылымын өзгерту ескеріле отырып жүргізілетін болады.

1. Тәуелсіздік кезеңіндегі архив қорларын Астана қаласына жоспарлы түрде көшіруді қамтамасыз ету.

2. Архивтік құжаттарды сапалы реттеуді қамтамасыз ету, мемлекеттік сақтауға қабылдау және есепке алу процестерін автоматтандыру, Құжаттарды қалпына келтіру және консервациялау зертханасының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

3. ҚР Президентінің Жеке архивін қалыптастырудың әдіснамалық құралдарын әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

4. Мемлекет басшысы Франция Республикасына мемлекеттік сапарының (*2024 жылғы 4-5 қараша, Париж қ.*) қорытындысы бойынша Архив пен Франция Республикасының Ұлттық архивтері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру бойынша берген тапсырманың 1.26-тармағының орындалуын қамтамасыз ету.

5. Архивтану және құжаттану саласындағы өзекті проблемаларды зерттеуді ғылыми және әдістемелік қолдау, архив ісі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сараптама жүргізу, археографиялық қызмет процесінде архивтік құжаттарды ғылыми айналымға енгізу.

6. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты архивтік құжаттарды одан әрі зерделеу және өткен тарихты түсіну үшін

қазақстандықтардың тарихи санасында архивтік ақпараттық-дереккөздер ресурстарының маңыздылығын қалыптастыру.

7. Архивтік құжаттарды дәстүрлі және цифрлық ақпарат беру нысандары мен әдістері арқылы танымал ету және насихаттау бойынша іс-шаралар кешенін өткізу.

8. Цифрланған және электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ архивтік құжаттарды пайдаланудың заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған Архивтің цифрлық трансформациялау тұжырымдамасын әзірлеу.

9. Халықаралық ұйымдармен, отандық және шетелдік архив, ғылыми және білім беру мекемелерімен Архивтің бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын және әлеуметтік маңызды іс-шараларын іске асыру үшін ынтымақтастықты кеңейту.

10. Архив қызметін құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық, сондай-ақ кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы жұмыстар кешенін сапалы іске асыру.